№198
(20672)

Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

28 желтоқсан, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

СҰХБАТ

БАЯНДЫ БАСТАМАЛАР ЖЫЛЫ

ҚР Президентінің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Берік Уәлимен сұхбат

Биыл еліміз үшін өзгерістерге толы жыл болды. Мемлекет басшысының бастамасымен саяси-экономикалық реформалар жүзеге асырылып жатыр. Оның алғашқы нәтижелері де жоқ емес. Осы орайда, 2023 жыл тарих беттерінде қандай оқиғалармен есте қалады? Президент қандай маңызды шешімдер қабылдады, нендей тың бастамалар көтерді? Осы және басқа да сауалдар төңірегінде Kazinform назарларыңызға ҚР Президентінің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Берік Уәлимен сұхбатты ұсынады.

– Берік Уәлиұлы, биыл Президент халыққа арнаған Жолдауында Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдарын айқындап берді. Жалпы, Мемлекет басшысы қандай мәселелерге баса назар аударды?

– Ең алдымен, барша**ңызды** келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Осы мереке қарсаңында жылды қорытындылап, бізбен сұхбаттассақ деген ойыңызды құптаймын. Шын мәнінде, Әділетті Қазақстанды құру жолында маңызды саяси-экономикалық реформалар жүзеге асырылып жатыр. Осы орайда биыл Мемлекет басшысы қоғамда Заң мен Тәртіп үстемдігін орнатуға, әділдікке негізделген жаңа экономикалық үлгіге көшуге, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, бәсекеге қабілетті ел болуға, сапалы ұлт қалыптастыруға бағытталған көптеген бастама көтерді. Мысалы, Қасым-Жомарт Кемелұлы биылғы Жолдауында жаңа экономикалық саясаттың негізгі бағыт-бағдарын айқындап, Үкімет пен жергілікті атқарушы билікке ел экономикасының жыл сайынғы тұрақты өсімін 6-7 пайызға жеткізу, 2029 жылға қарай ұлттық экономика көлемін екі есе ұлғайту, еліміздің байлығы мен табысын халқымыздың арасында әділ бөлу міндеттерін жүктеді. Еліміздің 5-6 жылдағы даму траекториясын айқындайтын бұл Жолдау міндеттерінің сәтті орындалуына тек билік қана емес, жалпы халық та, іскерлік орта да мүдделі болуға тиіс. Осы себепті таяуда ғана Президент отандық бизнес өкілдерін жинап, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Еліміздің макроэкономикалық саясаты, оның ішінде жаңадан әзірленіп жатқан Салық кодексі, экономиканың шикізаттық емес секторларын дамыту жөнінде мазмұнды да сындарлы пікір алмасу болды.

2,3-беттер

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы талқыланды.

Үкімет басшысының айтуынша, осы салада қалыптасқан проблемаларды кезек күттірмей шешу үшін алғаш рет тұжырымдама әзірленді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова тұжырымдама Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты халыққа Жолдауындағы тапсырмасын орындау үшін дайындалғанын айтты. Құжат 4 негізгі бағытты қамтиды. Олар – тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде еңбекті қорғаудың ұлттық жүйесін жаңғырту, жұмыс орындарындағы тәуекелді төмендету шараларын экономикалық ынталандыру, кәсіби құзыреттер мен ғылыми әлеуетті дамыту, сондай-ақ, еңбекті қорғау саласындағы бақылау мен мониторингтің тиімділігін арттыру.

4-бет

САПАР

Суреттерді түсірген Б.Есжанов

ДАРИЯ БАҚЫЛАУДА

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарына жұмыс сапарымен барып, бірнеше елді мекендегі әлеуметтік нысандардың ашылу рәсіміне қатысты. Жол бойы Нұрлыбек Машбекұлы Сырдария өзеніндегі су деңгейін тіқұшақтан бақылап, дайындық жұмыстарымен танысты.

4-бет

ГАЗДАНДЫРУ

«ҚОСШЫҢЫРАУ»: ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ЖЫЛЫ ЛЕБІ

Сейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласына қарасты «Қосшыңырау» ауылдық округіне газ қосу рәсіміне қатысты. Жыл қорытындыланатын кезде көл-көсір қуанышқа кенелген ауыл тұрғындарын құттықтап, өңір инфрақұрылымын өркендетуде табысты іске асқан жобалар туралы айтты.

4-бет

Сейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласы әкімдігінің алдындағы арбат бойына орнатылған жаңажылдық шырша шамын жағу рәсіміне қатысты.

Шырша ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ

Жаңа жыл – тек күнтізбе ауысатын кез емес, үлкендердің өткенге есеп беретін, алдағы күнге жоспар құратын уақыты. Ал ертегі мен таңғажайыптарға сенетін балалар үшін армандар орындалатын, мол сыйлық алатын, жасыл шырша жанында асыр салатын мереке. Сондықтан дәстүрге айналған шырша шамын жағу рәсімі жыл алмасатын шақтағы көтеріңкі көңіл-күйді шарықтата түсті.

Іс-шарада аймақ басшысы тұрғындарды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

– Енді аз күнде тарих қойнауына кететін 2023 жыл аса маңызды оқиғаларға толы болды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы жұмыс сапарымен келіп, өңірдің даму қарқынына оң бағасын берді. Тамыз айынан бері Қызылорда облысы өңірлер арасында үздіктер қатарына, яғни, алғашқы үштікке орнықты. Аймақ бюджеті 609 млрд теңгеге жетті. Облыстың даму бюджеті 2,5 есе артты. Бұл ауқымды қаражат аймақтағы, қаладағы ең өзекті мәселелердің шешім табуына, тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға

жұмсалуда. Табалдырығымыздан аттайтын жыл еліміз бен аймағымыз үшін табысты, берекелі болғай! – деді облыс әкімі.

Аймақтың бас шыршасын жағу мәртебесі «Сыр дарыны» сыйлығының иегері, облыстық және республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпазы Сәбина Әбдіғаппарға, парадзюдодан Азия ойындарының жеңімпазы Олжас Оразалыұлына, талантты термеші, республикалық байқаулардың жүлдегері, бала жырау Нөсер Айдосұлына табысталды.

Мерекелік іс-шара көңілді концертпен жалғасты. Эстрада әншілері Қыдырәлі мен Қарақат, жергілікті өнерпаздар кеш қонақтарына ән-жырдан шашу шашты.

Айта кетейік, Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Сыр елінде 6 елді мекен табиғи газға қосылып, ауылдарда 7 дәрігерлік амбулатория, өзге де әлеуметтік нысандар ашылды, тұрғындар жаңа баспанаға қоныстанды. Жыл соңына дейін тағы бірқатар әлеуметтік нысан пайдалануға берілмек.

БАЯНДЫ

ҚР Президентінің кеңесшісі –





– Осы міндеттерді орындау үшін, алдымен, нормативтік-құқықтық актілер қабылдануға тиіс екені белгілі. Биыл Президент қандай маңызды Заңдарға, Жарлықтарға қол қойды?

– Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен бірқатар маңызды заңдар әзірленіп, күшіне енді. Мемлекет басшысы биыл жалпы 98 заңға, 344 Жарлыққа, 91 Өкімге қол қойды. Бір қызық фактімен бөлісе кетейін. Президент жылдың алғашқы күні де жұмысқа шығып, «Агломерацияларды дамыту туралы» Заңға қол қойған екен. Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе сияқты халқының саны 500 мыңнан асатын шаһарлардың айналасындағы елді мекендерді дамыту үшін бұл заңның мәнмаңызы зор.

Бұдан бөлек, «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын іске асыратын тиісті Заңға қол қойды. Келесі жылдан бастап Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық кірісінің 50 пайызы еліміздің кәмелетке толмаған азаматтарының бәріне теңдей бөлінетін болды. Президенттің тікелей бастамасымен әзірленіп, күшіне енген нормативтік-құқықтық актілердің бірі – «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заң. Мұның бәрі еліміздің байлығын халық арасында әділ бөлуге негізделген маңызды қадамдар деп айтуға болады. Себебі қайтарылған активтердің есебінен ел өңірлерінде әлеуметтік, инфрақұрылымдық нысандар салынып жатыр, яғни қаржы халықтың мұқтаждығына жұмсалады. Сонымен қатар құқық қорғау саласын, соның ішінде прокуратура мен сот жүйесін күшейтуге, Конституциялық сот органын құруға бағытталған бірқатар Заң қабылданды.

Бұдан бөлек, Президенттің Жарлығымен жаңадан Су ресурстары және ирригация министрлігі, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Көлік министрлігі, Мәдениет және ақпарат министрлігі, Туризм және спорт министрлігі сияқты жаңа ведомстволар құрылғаны мәлім. Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жолындағы бұл шешімдер нақты қажеттіліктен туындағаны сөзсіз. Түптеп келгенде, әрбір құжаттың мазмұнында мемлекет мүддесін көздейтін маңызды шешімдер, тұтас саланы реттейтін заңнамалық өзгерістер жатыр.



– Биыл Президент бірқатар облысқа барды. Әлбетте, облыс әкімдері Мемлекет басшысына өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму барысын жақсы жағынан көрсетуге тырысады. Әйтсе де аймақтарда қордаланған мәселелер баршылық. Мәселен, жылыту маусымы кезінде болған апаттар коммуналдық инфрақұрылымның әбден тозығы жеткенін көрсетті. Жалпы, Президентке аймақтағы шынайы ахуал бүркемесіз жеткізіле ме?

– Дұрыс айтасыз, әрбір әкім өзі басқаратын облыстағы жетістіктерді барынша жеткізуге тырысатыны белгілі. Әйтсе де, Президент еліміздің тыныс-тіршілігін ұдайы бақылауында ұстап отыр. Ел ішіндегі шынайы ахуалмен жақсы таныс. Оның үстіне, Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелері күнделікті қажетті ақпаратты жеткізіп отырады. Мемлекет басшысының өзі де әлеуметтік желілерді, бұқаралық ақпарат құралдарын шолып, тиісті тапсырмалар береді.

Қасым-Жомарт Кемелұлы биыл еліміздің 14 өңіріне жұмыс сапарымен барды. Сапар барысында облыстардағы өндірістік, әлеуметтік нысандарды аралап қана қоймай, жергілікті тұрғындармен, кәсіпкерлермен, зиялы қауым өкілдерімен жүздесті.

Өзіңізге мәлім, Екібастұз, Рудный, Риддер, Ақтау қалаларында коммуналдық желілер істен шығып, тұрғындар қиын жағдайға тап болды. Осы жағдайлардың бәрін Президент жіті бақылауына алып, Үкіметке шұғыл тапсырма берді. Тамыз айында Екібастұз жылу-электр орталығында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарымен арнайы барып танысты. Жалпы, төтенше жағдайлар кезінде Мемлекет басшысы жұмыс кестесін бұзып, оқиға орнына шұғыл аттанып кетеді. Мәселен, Абай облысында болған өртке байланысты Қасым-Жомарт Кемелұлы Вьетнамға ресми сапарын кейінге ше герді. Қарағанды облысындағы көмір шахтасында болған апат кезінде де оқиға орнында жедел штаб отырысын өткізді. Жақындарынан айырылған отбасылармен кездесіп, олардың мұң-мұқтажын тыңдады. Азаматтарға қажетті көмек көрсетуге пәрмен берді.

Мемлекет басшысының аймақтарға жұмыс сапары нәтижесінде облыстардағы қордаланған мәселелерге талдау жасалады, кейін соның негізінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін тиісті шешімдер қабылданады.

– Халықтың тұрмыс сапасын арттыру мәселесін Мемлекет басшысы ұдайы назарында ұстайды деп айтып қалдыңыз. Осы бағытта қандай шаралар атқарылды? Нақты нәтиже бар ма?

– Биылғы Президент Жолдауы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталуы кездейсоқ емес. Бұл аса маңызды құжатта орта мерзімдегі экономикалық саясатымыз айқындалды, соның ішінде халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға баса мән берілді. Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен «Халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы» бекітілді. Осы бағдарламаның бір бағыты – бюджеттен қамтамасыз етілетін ұйым қызметкерлерінің еңбекақысын жүйелі түрде өсіру. Мәселен, мемлекеттік білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтердің еңбекақысы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап жыл сайын 25 пайызға өсіп келеді. Осылайша, биыл педагогтердің лауазымдық жалақысы 100 пайыз көбейді. Мектепке дейінгі білім беру мекемелері педагогтерінің де лауазымдық жалақысы 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап 30 пайызға өсті. Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының жалақысы 2023 жылы 26 пайызға артты. Студенттердің стипендиясы 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап 20 пайызға, магистранттар мен докторанттардың стипендиясы 15 пайызға көбейді.

Медицина қызметкерлерінің жалақысы да жыл сайын жоғарылап келеді. Атап айтқанда, дәрігерлердің еңбекақысы 30 пайызға, орта медициналық қызметкерлердің жалақысы 20 пайызға өсті. Сонымен қатар 2025 жылға дейін мәдениет және мұрағат ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын арттыру жоспарланып отыр. Жалпы, бұл – өте ауқымды бағдарлама. Ауыл халқына 2,5% жеңілдікпен несие алып, кәсіп ашуға мүмкіндік беретін «Ауыл аманаты» бағдарламасы, сондай-ақ, экономиканың нақты секторларында жұмыс орындарын көбейту, мемлекеттің әлеуметтік қолдау шаралары осы кешенді құжат аясында жүзеге асырылады.

– Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін инвестицияның мәні зор. Осы ретте Қазақстан экономикасына тартылған инвестицияның көлемі қандай?

– Президент экономикамызға, әсіресе өңдеу өнеркәсібі мен шикізаттық емес секторларға инвесторлар тартуға ерекше мән береді. Кез келген шетел сапарында сол мемлекеттің ірі бизнес өкілдерімен кездесіп, Қазақстанның инвестициялық әлеуеті мен артықшылықтарын таныстырады. Елімізде инвесторларға барынша жағдай жасалып отыр. Таяуда Президент Жарлығымен Инвестициялық штаб құрылды. Енді аталған Штаб шығарған шешімдерді орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері орындауға міндетті. Демек, жоғары лауазымды шенеуніктердің жұмыс тиімділігі олардың қанша инвестиция тартқанына, инвестициялық жобаларды нәтижелі жүзеге асырғанына қарай бағаланады. Жалпы, биылғы I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша шетелден 13,3 миллиард доллар көлемінде тікелей инвестиция тартылған екен. Оның ішінде Нидерланд – 3 миллиард доллар, АҚШ – 1,9 миллиард доллар, Швейцария – 1,7 миллиард доллар, Ресей – 1,1 миллиард доллар; Қытай – 748,3 миллион доллар; Оңтүстік Корея – 717 миллион доллар; Бельгия – 585,3 миллион доллар; Франция – 458,4 миллион доллар; БАӘ – 408,7 миллион доллар; Люксембург – 238, 5 миллион доллар инвестиция салған.



– Мемлекет басшысы келелі жиындарда үнемі маңызды бастамалар көтереді. Соның ішінде биыл жүзеге асырылған бастамаларды атап өтесіз бе?

– Әрине, атап өтуге болады. Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамалары дәйекті түрде жүзеге асырылып жатқанына өздеріңіз де куә болдыңыздар деп ойлаймын. Айталық, жақында Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2026 жылды Халықаралық волонтерлер жылы деп жариялады. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Ұлттық қор – балаларға» жобасымен ұштастыру мақсатында бес жастан асқан жеткіншектерге арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізу мәселесі қолға алынды. Бала күтіміне жәрдемақы беру мерзімі 1 жылдан 1,5 жылға ұзартылды. «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды.

Президент халықаралық жиындарда да елімізге пайдалы бастамалар көтеріп жүр. Байқасаңыз, Мемлекет басшысы еліміздің Орталық Азия аймағындағы көшбасшылығын сақтап, Қазақстанды сенімді транзиттік хаб ретінде дамыту мәселесіне баса мән береді. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында Ляньюньган портында қазақ-қытай логистика орталығы құрылды; «Қорғас» құрғақ порты іске қосылды; «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік магистралі жұмыс істеп тұр; Қытайдан Иранға апаратын жаңа теміржол дәлізі тартылды. Бұған қоса, «Достық – Мойынты», «Бақты – Аягөз», «Мақтаарал – Дарбаза» теміржол жобаларын жүзеге асыру қолға алынды. Сонымен қатар Қытай тарапымен «Аягөз – Тачэн» теміржолы құрылысын жүргізу туралы меморандумға қол қойылды. Мемлекет басшысы ұсынған барлық бастама ел игілігіне қызмет етеді.

– Енді халықаралық қатынастар саласына ойыссақ. Осы бағытта атқарылған жұмыстарды түйіндей кетсеңіз...

– Биыл еліміздің сыртқы саясатына қатысты жұмыстар өте белсенді жүргізілді. Жалпы, Президенттің қатысуымен көпжақты және екіжақты қарым-қатынастар аясында 268 іс-шара өтті. Оның ішінде Қасым-Жомарт Кемелұлы шетелдерге 19 рет сапар жасады. 27 халықаралық форум мен саммитке қатысты. Атап айтқанда, шет мемлекеттердің президенттерімен 30, шетел үкіметтері басшыларымен, халықаралық ұйымдардың жетекшілерімен, іскер топтар өкілдерімен 106 кездесу өткізілді. Мемлекет басшысының сапарлары шеңберінде 18 екіжақты құжатқа қол қойылды. Сонымен қатар 27 мемлекеттің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады. 41 елдің басшыларымен телефон арқылы сөйлесті.

Теңгерімді және конструктивті сыртқы саясат еліміздің ұстанатын басты бағыты саналады. Осы орайда ұлттық мүддені қорғау, аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті сақтау мәселесі басты назарда болды. Биыл Мемлекет басшысы Қазақстанның халықаралық беделін одан әрі арттыру мақсатында маңызды шешімдер қабылдады. Мысалы, Солтүстік Македонияда Қазақстан Республикасының елшілігін, сондай-ақ Қытайдың Сиань, Ресейдің Екатеринбург және Германияның Гамбург қалаларында Қазақстанның Бас консулдығын ашу туралы шешім қабылдады.

– Кешіріңіз, сөзіңізді бөлейін, Мемлекет басшысы биыл көптеген елге сапармен барды. Сол сапарлардың мәнмаңызына тоқтала кетсеңіз...

– Қасым-Жомарт Кемелұлы биыл Қытайға мемлекеттік, Біріккен Араб Әмірліктеріне, Вьетнамға, Германияға, Қытайға ресми, Біріккен Араб Әмірліктеріне, Ресейге, Қырғызстанға, Түркияға, Сауд Арабиясына, Тәжікстанға, АҚШ-қа, Беларуське, Әзербайжанға жұмыс сапарымен барды. Қасым-Жомарт Кемелұлы Қытайға мемлекеттік сапары барысында Төраға Си Цзиньпинмен кездесіп, маңызды келіссөз жүргізді. Кездесу барысында екі елдің сауда-экономика, мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, білім және ғылым, қаржы салаларындағы жан-жақты ынтымақтастығын дамыту, көлік-транзит әлеуетін арттыру мәселелері талқыланды. Сонымен қатар Мемлекет басшысы

1-бет

БАСТАМАЛАР ЖЫЛЫ

Баспасөз хатшысы Берік Уәлимен сұхбат

JD.com электронды коммерция алаңында Қазақстанның ұлттық павильонын салтанатты түрде ашу және Сиань қаласындағы құрғақ портта Қазақстанның логистика орталығының іргетасын қалау рәсіміне қатысты.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы 17-18 қазанда Си Цзиньпиннің

шақыруымен «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумына қатысты. Аталған жиынға әлемнің 20-дан астам елінің президенттері, 130-дан астам мемлекеттің өкілдері келді. Осы форумда Қазақстан Президенті Төраға Си Цзиньпин мен Ресей Президенті Владимир Путиннен кейін үшінші болып сөз сөйледі.



Содан кейін Президент өзі білім алған Бейжің Тіл және мәдениет университетінің аумағында орта ғасырлық философ, ғалым Әбу Насыр Әл Фарабиге арналған бюстті салтанатты түрде ашты. Бұл Қасым-Жомарт Кемелұлының Қытайға сапарының ең бір көңіл толқытар тұсы болды. Ал Мемлекет басшысының Шыңжаң ұйғыр автономиялық өлкесіне баруын тарихи сапар ретінде бағалауға болады.

Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапары барысында БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен келіссөз жүргізіп, екі ел арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамытудың басым бағыттарын талқылады. Сондай-ақ Әмірліктердің іскер топтарының өкілдерімен бірқатар кездесу өткізді. Вьетнамға ресми сапарында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Вьетнам Президенті Во Ван Тхыонгпен келіссөз жүргізді. Тараптар екі ел арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, көліклогистикалық, агроөнеркәсіптік және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылады. Сондай-ақ Мемлекет басшысы биыл 28-29 қыркүйек күндері Германия Федеративтік Республикасына ресми сапармен барды. Қасым-Жомарт Тоқаев Берлинде Федералдық Канцлер Олаф Шольцпен және Федералдық Президент Франк-Вальтер Штайнмайермен келіссөз жүргізді. Сонымен қатар Президент Орталық Азия және Германия мемлекеттері басшыларының кездесуіне қатысты. Германияның іскерлік қоғамдастығы өкілдерімен бірқатар кездесу өткізді.



Тағы бір айта кетерлігі, биыл С5+ форматында да көптеген кездесу өтті. Соның ішінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың Америка Президенті Джо Байденмен жолыққаны баршаға белгілі. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы 14 рет шетелге жұмыс сапарымен барды.

Биыл шет мемлекеттер басшылары елімізге 19 рет түрлі деңгейдегі сапармен келді. Екіжақты кездесулер барысында саяси, сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері талқыланды.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы осы жылы шетел сапарына 33, ал еліміздің өңірлерін аралауға 17 күнін арнады. Қасым-Жомарт Кемелұлы шетелге және еліміздің өңірлеріне сапарлары кезінде 152 921 шақырым жол жүріп, 243 сағат 46 минутын ұшақта және тіқұшақта өткізді. Бұл Жер шарын шамамен 4 рет айналып шыққанмен тең.

– Өзіңізге мәлім, ел азаматтары өздерін мазалаған сұрақтар жергілікті деңгейде шешілмесе, Президентке шағымданады. Жалпы, Мемлекет басшысы кері байланысқа қаншалықты мән береді?

– Президент Әкімшілігінде Өтініштерді қарауды бақылау бөлімі жұмыс істейді. Жалпы әртүрлі мәселе бойынша өтініштер өте көп келеді. Осы жылы жеке және заңды тұлғалардың 53237 өтініші қаралды. Олардың бәріне уақытылы әрі тиісті жауап берілді. Атап айтар болсақ, Президентке Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов «Қазақстанның Халық жазушысы» атағын қайтару туралы ұсыныс жасады. Нәтижесінде биыл Республика күні қарсаңында араға 24 жыл салып, 6 жазушыға «Қазақстанның Халық жазушысы» атағы берілді.

Түркістанда 5 жасар бүлдіршін қыздың және Астана қаласында Салтанат Нүкенованың өліміне қатысты резонанс тудырған істерді жеке бақылауына алып, құқық органдарына нақты тапсырма жүктеді. Ішкі істер министрі Ержан Сәденовке, Бас прокурор Берік Асыловқа, Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мергалиевке әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілерінің алдын алу керек екенін қатаң ескертті. Осы орайда айта кетейік, Президент 8 желтоқсанда «Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспары туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл жоспарда гендерлік теңдікті күшейтуге, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күреске, қылмыстық сот төрелігі саласында азаматтарды қорғауға, азаптау мен қатыгездіктің алдын алуға бағытталған жан-жақты шаралар қарастырылған. Президент Әділетті Қазақстанның іргесі сөз жүзінде емес, іс жүзінде, яғни нақты қадамдар арқылы беки түскенін қалайды әрі соған нақты жағдай жасайды.

Мемлекет басшысы Екібастұз қаласына жұмыс сапары кезінде қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Самат Рамазанов Президенттен «Шахтер» саябағын жөндеу туралы өтініш жасады. Қасым-Жомарт Кемелұлы жергілікті әкімдікке қаланы абаттандыру, одан да басқа мәселелерді шешу жөнінде тапсырма беретінін жеткізді. Осындай мысалдар көп. Мұның бәрі Президент айтқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының орындалып жатқанын көрсетеді.

– Бұрын Мемлекет басшысының қызметін www.akorda.kz сайты ғана жариялап көрсететін еді. Қазіргі уақытта ресми Aqorda телеграм арнасы өте белсенді жұмыс істеп жатыр. Ақпараттардың көбі осы арна арқылы таралуда. Сондай-ақ Баспасөз қызметінің әлеуметтік желілердегі Facebook, X (Twitter), Instagram, TikTok парақшалары арқылы да мәлімет беріледі. Оған қоса Президенттің X (Twitter), Instagram әлеуметтік желілерінде парақшалары бар. Жалпы осы бағыттағы жұмыстар туралы айтып өтсеңіз...

– Әрине, Мемлекет басшысының ресми www.akorda.kz сайты басты ақпарат көзі саналады. Президенттің қызметін халыққа жариялап көрсететін бұл ақпарат ресурсында биыл 977 материал, соның ішінде Президенттің түрлі іс-шараларда сөйлеген сөздері мен үндеулерінің мәтіні және Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды.

Ал Aqorda телеграм арнасы туралы айтар болсақ, заман талабы мен қазіргі аудиторияның әлеуметтік желіге жаппай бет бұруын ескере отырып, осындай арна ашу жөнінде 2022 жылдың 1 наурыз күні шешім қабылдаған едік. Содан бері Aqorda телеграм арнасында 13931, соның ішінде биыл 8022 ақпарат жарияланды. Телеграм арнаға 44 428 оқырман жазылған.



Мемлекет басшысының X (Twitter) әлеуметтік желісіндегі парақшасы 2011 жылдан бері белсенді жұмыс істеп келеді. Бүгінде Президенттің X парақшасында 391 786 оқырман бар. Ал Instagram парақшасына 2,6 миллион жазылушы тіркелген.

Президент X (Twitter) парақшасы арқылы еліміздегі қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, саяси мәселелерге немесе оқиғаларға қатысты жедел үн қатады. Уақыт үнемдеу тұрғысынан мұндай жұмыс стилі тиімді. Жалпы, Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздегі өзекті мәселелерге, қоғамда болып жатқан түрлі оқиғаларға қатысты биыл 56 твит жариялады. Ал Инстаграмда 63 жазба жарық көрді.

Ал Инстаграмда 63 жазба жарық көрді. Мемлекет басшысының 3 мақаласы жарияланды. Орайлы сәтті пайдалана отырып айта кетейін, Қазақстан Президенті келесі жылы қаңтар айының басында республикалық басылымдардың біріне еліміздің ішкі-сыртқы саясатын толық қамтитын көлемді сұхбат беруді жоспарлап отыр.

– «Президент бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбатты сирек береді» деген пікір бар. Әріптестеріміз тарапынан осыған қатысты сын да айтылып жатады. Мемлекет басшысының кеңесшісі әрі Баспасөз хатшысы ретінде бұған қалай жауап берер едіңіз?

– Шынымды айтайын, мұндай пікірмен келісе алмаймын. Президенттің жұмыс кестесінің қаншалықты тығыз екенін осы әңгімеміздің барысында келтірген деректер мен ақпараттардан анық аңғаруға болады. Қасым-Жомарт Кемелұлы шет мемлекеттердің басшыларымен жүргізілген келіссөздер қорытындысы бойынша 8 брифинг өткізді.

Оған қоса жыл басынан бері шетелдік және отандық бұқаралық ақпарат құралдарына 4 рет, соның ішінде соңғы екі айда «Известия» басылымына және Euronews телеарнасына сұхбат берді. Мемлекет басшысының 3 мақаласы жарық көрді. Орайлы сәтті пайдалана отырып айта кетейін, Қазақстан Президенті келесі жылы қаңтар айының басында республикалық басылымдардың біріне еліміздің ішкі-сыртқы саясатын толық қамтитын көлемді сұхбат беруді жоспарлап отыр.

– Президент Жаңа жылды қайда, қалай қарсы алады?

– Мемлекет басшысы өзінің туған күнін де атап өтпейтінін білесіздер. Биыл мерейлі жасы болса да, Қытайда мемлекеттік сапармен жүрді. Ал жаңа жылды Қасым-Жомарт Кемелұлы да бәріміз сияқты өзінің үйінде, дастарқан басында әулетімен бірге қарсы алады.

Гүлнұр ҒАЗИЗҚЫЗЫ
Фото: akorda.kz



ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Үкімет жиынынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кәсіпорындарды тексергенде бірқатар заң бұзушылық анықталғанын атап өтті.

– Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекторлары жыл басынан бері 231 кәсіпорында тексеру жүргізіп, 368 заң бұзушылықты анықтаған. Заңнама талаптарын бұзғандарға 186 нұсқама беріліп, 33 ескерту және 7,9 млн теңге көлемінде айыппұл салынды. Кейбір кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігі талаптары сақталмағандықтан, қайғылы оқиғалар орын алып, кісі өлімі болады. Бұл – мекемені басқарушының салғыртты ғы және адам өміріне деген немқұрайлы көзқарасы, – деді аймақ басшысы.

Осы ретте, облыстық бақылау жөніндегі басқармаға аймақтағы меншік нысанына қарамастан, барлық мекемедегі еңбек қауіпсіздігін бақылауға алу тапсырылды. Ол үшін оқыту жұмыстарын күшейтіп, қызметкерлердің сапалы қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуін тұрақты түрде қадағалау және өндірістік жарақат бойынша тәуекел дәрежесі жоғары кәсіпорындарды анықтау өте маңызды. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының сақталуына профилактикалық жұмыстар жүргізілуі керек.

Мұнан бөлек, Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне мерекелік демалыс күндері коммуналдық қызметтердің күшейтілген режимде, үздіксіз қызмет көрсетуін қамтамасыз ету, Сырдария өзеніндегі су тасқынының алдын алу, ал облыстық білім басқармасына оқушылардың қауіпсіздігін бақылау міндеттелді.

1-бет

СЕССИЯ

ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫ АНЫҚТАЛДЫ

Сейсенбіде облыстық мәслихаттың кезектен тыс IX сессиясы өтті. Оған облыстық мәслихат депутаттары, облыстық сайлау комиссиясы мүшелігіне саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер тарапынан ұсынылған кандидаттар және журналистер қатысты. Ал бірқатар депутаттар сессия жұмысына онлайн режимде қатысып отырды. Сессияны облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов жүргізді.

Күн тәртібінде Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау туралы мәселе қаралды.

Осыған дейін облыстық сайлау комиссиясының құрамы Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешімімен 5 жыл мерзімге бекітілген еді.

Облыстық мәслихат сайтында саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктерге және жоғары тұрған сайлау комиссиясының назарына биылғы жылдың 10 қарашасы мен 8 желтоқсаны аралығында облыстық сайлау комиссиясының құрамына үміткерлер ұсыну туралы хабарландыру жарияланды. Соған сәйкес облыстық сайлау комиссиясының құрамындағы 7 орынға 5 партиядан бір-бірден 5 үміткер ұсынылды. Олардың қатарында «AMANAT», «Ауыл», «Ақжол», Қазақстан Халық партиясы, «Respublika» партиясынан үміткерлер болды. Ал «Қызылорда қаламгерлерінің Қауымдастығы», «Самұрық» Инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қоры секілді қоғамдық бірлестіктерден бір-бірден үміткерлер ұсынылды.

Сессия отырысында күн тәртібіндегі мәселе жан-жақты талқыланды. Үміткерлердің құжаттары зерттелгендігіне назар аударылды. Нәтижесінде облыстық сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған кандидаттарға қатысты ашық дауыс берілді. Депутаттар бұл ұсынысты қолдап, ұсынылған шешім жобасын бірауыздан бекітті.

Сессия соңында республикалық «Біздің депутат» газетінің рейтингі бойынша облыстық мәслихат депутаты Нұркен Бақытбекұлы «Үздік депутат» номинациясына ие болды.

«СБ» ақпарат

ЖЫЛ МӘРЕСІНІҢ ЖЕМІСІ

МЕДИЦИНА: ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРҒА ШЫНАЙЫ БЕТБҰРЫС

Облыс әкімінің Арал ауданына жұмыс сапарында дәрігерлік амбулатория табысталды. Сондай-ақ осы күні аудандағы «Бөген», «Қызылжар» ауылдарында әрқайсысының құны 400 млн теңгені құрайтын дәрігерлік амбулаторияның, «Көктем» елді мекенінде медициналық бекеттің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын Жаңа жыл мерекесімен, жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, ұлттық жоба бойынша іске асқан игіліктер туралы айтты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 нысан салынуда. Биыл соның қатарындағы 15 дәрігерлік амбулаторияның құрылысы аяқталды. Бұған дейін Сырдария, Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған аудандарында 7 жаңа медициналық нысан ел игілігіне табысталды. Міне, енді өздеріңізбен бірге «Бөген» ауылындағы дәрігерлік амбулаторияны ашамыз.

Шалғайдағы елді мекендерде мұндай нысандардың бой көтеруі – мемлекеттің ауыл медицинасына, тұрғындар денсаулығын жақсартуға бағытталған жұмысының бір тармағы. Осы жылы «Тастүбек» және «Жалғызағым» елді мекендерінде медициналық бекеттер жаңадан салынып, ел игілігіне табысталды. Келесі жылы Тоқабай ауылында дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталады. Бұл қамқорлық өңір медицинасының дамуына оң ықпал етеді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шара барысында ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әділхан Әбдікәрімов жерлестерін құттықтап, игі тілек білдірді. Сондай-ақ мердігер мекеме өкілдері мен ауыл азаматтарына құрмет көрсетілді.

Айта кетейік, «Аман-Құрылыс» ЖШС амбулаторияны бір қабатты етіп салған. Мұнда тіркеу орны, қабылдау, дәріхана, оқшаулау, физиотерапиялық емдеу, егу бөлмелері, лаборатория, архив, күндізгі емдеу стационары, жалпы тәжірибелік дәрігердің кабинеті бар, жеке бу қазандығы дизель отынымен жылытылады. Ғимарат мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлы.

ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫҢ ИГІЛІГІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың күні кешегі жұмыс сапарында 5 дәрігерлік амбулаторияның ашылу рәсімі өтті. Түске дейін аймақ басшысы Арал ауданының «Бөген», «Қызылжар» елді мекендеріндегі жаңа нысандарды табыстау іс-шарасына қатысса, түстен кейін Қазалы ауданындағы 3 амбулатория пайдалануға берілді. Оның алғашқысы «Сарыкөл» ауылдық округіндегі Абай ауылында ашылды.

Бұл «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының сәтті жүзеге асқанын көрсетеді.

– Сыр медицинасындағы жаңашылдықтар, бастамалар қолдау тауып келеді. Денсаулық сақтау саласының бастапқы буыны – алғашқы медициналық көмек көрсету, аурудың алдын алу. Ол үшін, әрине, типтік ғимарат, мықты материалдық база керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының мақсаты – ауыл медицинасының әлеуетін арттыру. Ұлттық жоба аясында облыстың елді мекендерінде 27 нысан салынуда. Оның 15-нің құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілуде. Бұған дейін Сырдария, Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған аудандарында 7 және бүгін Арал ауданында 2 жаңа ғимаратты табыстадық. Қазалы ауданының Абай, «Бозкөл» және «Қәукей» ауылдарында осындай дәрігерлік нысан қызметін бастайды. Біз ұлт саулығын нығайту бағытындағы кешенді шаралар легін жалғастыра береміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Алпамыс Түріпенәлі алғыс айтып, бата берді. Сондай-ақ мердігер мекеме өкілдері мен ауыл азаматтары марапатқа ие болды.

БАСПАНА – БАҚЫТ ҰЯСЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың аудандарға жұмыс сапары Қармақшыда жалғасты. Мұнда аймақ басшысы 51 отбасыға тұрғын үй кілтін табыстау рәсіміне қатысып, жиналғандарды қоныстоймен құттықтады.

– Халықты баспанамен қамту – мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағытының бірі. Аймақта пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі жыл сайын артып келеді. Қазір облыс көлемінде 4170 пәтерлік 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Биыл 2500-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам жерлесіміз өз үйіне кірді. Мемлекет басшысы «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді» деп атап өткен болатын. Бұған дейін Арал, Қазалы, Жаңақорған, Шиелі, Жалағаш және Сырдария аудандарында 400-ге жуық отбасы баспанаға ие болды. Бүгін Қармақшыда 51 отбасы жаңа үйге қоныстанды. Бұл – тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдаудың нақты көрінісі, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Мереков жерлестерін құттықтап, бата берді. Іс-шарада құрылысты салған мердігер мекеме өкілдеріне және аудан азаматтарына марапат тапсырылды.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде салынған үйлер 3 бөлмелі, көлемі 60 шаршы метр.

Биыл аймақ бюджеті өткен жылмен салыстырғанда 57 пайызға өсіп, 609 млрд теңгеге жетті. Оның ішінде Қармақшы ауданының бюджеті 13 млрд теңгені құрады. Бұл қаражат түйткілді мәселелерді шешуге, аудан тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталды. Биыл республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 38,5 млрд теңгеге 671 шақырым жол жөнделді. Бұл облыстағы жақсы жағдайдағы жол үлесінің 87,5 пайызға жетуіне негіз қалады. Қармақшы ауданының автомобиль жолдарын жақсартуға 2 млрд теңгеге жуық қаржы қаралып, 28,5 шақырым жол жөндеуден өтті.

Биыл 12 ауылдық елді мекенге газ қосылды. Олардың ішінде Қармақшы ауданының «Ақай» ауылдық округі де бар. Ал «Төретам» кентіне газ тарту жұмыстары жақын күндері аяқталмақ.

Жарлығына сәйкес Қармақшы ауданының тұрғындарын қабылдады. Оған облыстық сот төрағасы, барлық құқық қорғау органдарының басшылары да қатысты.

Қабылдау туралы тұрғындарды алдын ала хабардар еткендіктен, келушілер қатары да, олар көтерген мәселелер де көп болды. Екі сағаттай уақытта облыс әкімі 50-ге жуық қармақшылықтың сұрақтарына жауап беріп, өтінішін тыңдады. Қабылдаудың басты мақсаты да осы – яғни, келушілердің барлық ұсыныс-пікірін назардан тыс қалдырмау. Тұрғындарды негізінен үй алу, жұмысқа орналасу, жеке бизнес бастау және кәсібін кеңейту, аяқсу, қоғамдық көлік жайы толғандырады. Азаматтар осы мәселелердің оң шешім табу жолын сұрады, кейбіреуі маман кеңесін алды.

Облыс әкімі қабылдауға келушілердің сауалдарына қатысты жан-жақты зерттеу жүргізілетінін, заң шеңберінде шешім қабылданатынын айтты. Жауапты басқарма басшылары да әрбір сұрақтың жауап табуын бақылауына алады. Жеке қабылдаудың тағы бір артықшылығы бар, ол – тұрғындарды толғандырған мәселелердің сол жерде шешілуі. Халық пен билік арасындағы диалогтың бұл тәсілінің оңтайлы тұсын жұртшылық жоғары бағалады.

Мұнан бөлек, Дүр Оңғар және «III Интернационал» ауылдарында 2 спорт кешенінің құрылысы басталды.

«Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсының «Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша Дүр Оңғар ауылы екінші орынды иеленіп, 52,5 млн теңгенің 2 техникасын жеңіп алды.

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы»

Айта кетейік, ауданға жұмыс сапары барысында Нұрлыбек Машбекұлы бірқатар нысанның ашылу рәсіміне қатысты. Ауыл тұрғындарымен, ақсақалдармен кездесіп, жыл бойы атқарылған жұмыстарды, өңірдің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін, алдағы жоспарларды талқылады.

Бұған дейін аймақ басшысының тапсырмасымен облыс әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау органдары басшыларының орынбасарлары әр ауданда бір күн бойы жеке қабылдаулар өткізді. Тұрғындар айтқан түйткілдер реттілігіне қарай шешімін тапты.

ДАРИЯ БАҚЫЛАУДА

Еске салсақ, жуырда облыс әкімдігінде су тасқынының алдын алу мәселелері бойынша мәжіліс өтті. Жалпы облыс аумағында 29 ықтимал су басу аймағы анықталған. Бұл аймақтарға қала және аудан әкімдіктері 364 арнайы техника және 1 102 адам күші бар 116 жауапты мекемені бекітті. «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамымен жасалған келісім-шартқа сәйкес 1 тікұшақ дайындыққа келтірілген. 2024 жылға мұз жаруға және қап алуға облыс бюджетінен 14,8 млн теңге бөлінді. Қала және аудан әкімдіктерінің ресми мәліметтеріне сүйенсек, су тасқынына қарсы пайдаланылатын материалдық-техникалық қорда 117,9 тонна жанар-жағармай және 139 902 дана қап сақтаулы. Сондай-ақ, 17 710 бау қамыс, 5 865 дана пашын және 2 381 дана қарабура мен т.б. қажетті материалдар қоры жасақталған. Қажет болған жағдайда тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру үшін 59 жинақтау және 69 қабылдау эвакуациялық пункті дайын.

Аймақ басшысы өзендегі жағдайды күнделікті бақылауда ұстап, тиісті дайындық жұмыстарын қолға алуды тапсырды.

1-бет

«ҚОСШЫҢЫРАУ»: ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ЖЫЛЫ ЛЕБІ

– Облыстың газдандырылған елді мекендерінің аумағы ұлғайып келеді. Қазір барлық аудан орталығы мен 4 қала (Арал, Қызылорда, Байқоңыр, Қазалы), 24 елді мекен табиғи газ пайдаланады. Биыл 12 ауылдық елді мекенге газ кіргізілуде. Күні кеше Шиелі және Жаңақорған аудандарындағы 5 елді мекенге қосылды. Мамыр айында Қызылорда қаласының «Ақсуат» ауылдық округі газдандырылды. Ал бүгіннен бастап «Қосшыңырау» ауылдық округінің тұрғындары «көгілдір отынның» игілігін көрмек. Келер жылға қаралған 4 млрд теңгеге тағы 12 елді мекенді газбен қамтамасыз етеміз. 2024 жылдың соңында газдандыру деңгейі 78 пайызға жетеді. «Көгілдір отынның» келуімен ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіндегі кейбір қиындықтар артта қалады деп сенемін, – деді аймақ басшысы.

Ауыл тұрғындарын облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев пен «Қосшыңырау» ауылдық округінің ардагері Әлихан Смайылов құттықтады.

Іс-шара қонақтары Берік Әбуовтің үйіне табиғи газ қосу сәтіне куә болды.

Айта кетейік, осы ауылдық округті газдандыруға республикалық және жергілікті бюджеттен 662,7 млн теңге бөлінді, мердігер мекеме – «РемСтрой» ЖШС.

1-бет

«АЛАМЕСЕКТЕ» АМБУЛАТОРИЯ АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сейсенбіде Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен барып, «Аламесек» ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның ашылу рәсіміне қатысты. Кейінгі күндері аймақтың ауылдарында бой көтерген жаңа медициналық нысандар қызметін бастауда. Амбулаториялардың ашылуы жұртшылықтың мерекелік көңілкүйімен астасып, ауылдағы ағайынның қуанышы еселенді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасының әлеуметтік мәні зор. Біз ауыл тұрғындарын 100 пайыз сапалы алғашқы медициналық көмекпен қамтамасыз ету туралы айтып отырмыз. Бұл – мемлекет ретінде біздің міндетіміз» деп ұлттық жобаның маңызын атап өткен болатын.

Қазір медициналық қызметтің қолжетімділігін, денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі жаңғырту арқылы саладағы реформалар алға жылжып келеді. Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 нысан салынуда. Оның ішінде 15 дәрігерлік амбулатория құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілуде. Бүгінге дейін 6 дәрігерлік амбулаторияны аштық. Ауылдардағы жаңа ғимараттар тұрғындар саулығын жақсартуға қызмет етсін! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ұлттық құрылтай мүшесі Қылышбай Бисенов жерлестерін құттықтап, «Аламесек» ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбдіқайыр Әйтімов бата берді. Сондай-ақ мердігер мекеме өкілдері мен ауыл азаматтарына марапат тапсырылды.

Айта кетейік, «Аламесек» ауылдық округінен ашылған жаңа амбулаторияның лабораториялық құрал-жабдықтарымен көршілес «Жаңадария» және «Еңбек» ауылы тұрғындарына да медициналық қызмет көрсетіледі. Құрылысты салған «Асар» ЖШС ғимараттың келушілерге жайлы болуына баса мән берген. Онда тіркеу орны, қабылдау, дәріхана, оқшаулау, физиотерапиялық емдеу, егу бөлмелері, лаборатория, архив, күндізгі емдеу стационары, жалпы тәжірибелік дәрігердің кабинеті бар. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы жағдай жасалған.

Биыл облыс бюджеті 57 пайызға өсіп, 609 млрд теңгеге жетті. Қаржының басым бөлігі әлеуметтік салаға бағытталды. Оның ішінде медицина саласына 138 млрд 600 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Құны 2 млрд 900 млн теңгені құрайтын «Қан орталығы» жақын күндері пайдалануға беріледі. Оған қоса 9 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылуда.

Жыл соңына дейін көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік перинаталдық орталық, қалаға қарасты Досан елді мекенінде медициналық бекет, Жаңақорғандағы көпбейінді аудандық аурухана базасында балаларға арналған «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылмақ.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
13 желтоқсан 2023 жыл №62 Қызылорда қаласы

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №153 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №153 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 548 571 948,8 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 42 306 883,9 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 9 024 092,7 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 74 975,0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 497 165 997,2 мың теңге;
2) шығындар – 543 042 569,7 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 7 802 224,2 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 19 025 336,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 11 223 111,8 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 6 291 830,0 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 6 291 830,0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -8 564 675,1 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 8 564 675,1 мың теңге;
4 тармақ жаңа мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:
«18) Жалағаш ауданы бюджетінің жылдық кіріс түсімдері болжамының орындалмауына байланысты жоғалтуларын өтеу.»;
аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы Н. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының
2023 жылғы «13» желтоқсандағы № 62 шешіміне қосымша
Қызылорда облыстық мәслихатының
2022 жылғы «13» желтоқсандағы № 153 шешіміне 1-қосымша

2023 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты / Сыныбы / Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
	1. Кірістер	548 571 948,8
1	Салықтық түсімдер	42 306 883,9
01	Табыс салығы	23 450 765,9
2	Жеке табыс салығы	23 450 765,9
03	Әлеуметтік салық	17 481 828,0
1	Әлеуметтік салық	17 481 828,0
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 374 290,0
3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 134 290,4
4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	239 999,6
2	Салықтық емес түсімдер	9 024 092,7
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 514 569,1
1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	95 457,1
5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	122 000,0
7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 297 112,0
03	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 400,0
1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 400,0
04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 836 431,4
1	Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 836 431,4
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	4 670 692,2
1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4 670 692,2
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	74 975,0
01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	74 975,0
1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	74 975,0
4	Трансферттердің түсімдері	497 165 997,2
01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	9 889 611,2
2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	9 889 611,2
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	487 276 386,0
1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	487 276 386,0
Функционалдық топ		
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
Бағдарлама	Атауы	
	2. Шығындар	543 042 569,7
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	7 914 926,9
110	Облыс мәслихатының аппараты	172 784,0
001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	171 273,0
003	Мемлекеттік органның күрделі шығындары	1 511,0
120	Облыс әкімінің аппараты	4 067 739,7
001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 058 517,6
007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	595 577,1
009	Өкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	413 645,0
265	Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	369 260,1
001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	369 260,1
269	Облыстың дін істері басқармасы	326 428,8
001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	57 668,0
003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 140,2
004	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	17 502,0
005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	121 118,3
113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	126 000,3
282	Облыстың тексеру комиссиясы	367 000,0
001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	357 458,0
003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 542,0
288	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 359 641,3
061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	1 359 641,3
299	Облыстың экономика және қаржы басқармасы	761 437,3
001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	606 575,3
		039	Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін қамтитын қосымша медициналық көмектің көлемін көрсету, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	450 476,0
		041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	318 640,0
		042	Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	758,0
		050	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызметті көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	652 019,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	8 819 147,0
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	8 819 147,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	8 434 715,0
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	7 645 999,0
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	254 780,0
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында карттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	749 843,0
		003	Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау	1 641 088,0
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық ауырлармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 425 927,0
		014	Оңалту орталықтарында карттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	890 129,0
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	954 897,0
		018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	121 234,0
		046	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту	7 121,0
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	150 974,0
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	450 006,0
	261		Облыстың білім басқармасы	736 460,0
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	353 988,0
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	147 161,0
		084	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындармен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	107 774,0
		092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	127 537,0
	752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	52 256,0
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	52 256,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	36 387 400,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	36 387 400,0
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	331 364,0
		032	Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	4 477 642,0
		038	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	516 584,0
		054	Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер	15 089,0
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	31 046 721,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	15 231 850,0
	265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	28 510,0
		021	Туристік қызметті реттеу	3 520,0
		074	Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық торапта рды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау	24 990,0
	752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	1 948 164,0
		001	Жергілікті деңгейде қоғамдық даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	401 981,0
		006	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	407 714,0
		009	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	989 712,0
		010	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	148 757,0
	760		Облыстың мәдениет және спорт басқармасы	11 644 125,0
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет, мұрағат ісін, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	275 235,0
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	4 857 649,0
		008	Театр және музыка өнерін қолдау	1 857 036,0
		009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	490 215,0
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	619 795,0
		011	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	955 180,0
		012	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	163 341,0
		013	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	2 416 335,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	9 339,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 611 051,0
		024	Спорт объектілерін дамыту	1 111 051,0
		027	Мәдениет объектілерін дамыту	500 000,0
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	201 402,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	201 402,0
		007	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	201 402,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	22 911 240,0
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	4 431 048,0
		001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	216 706,0
		003	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	80 422,0
		005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	3 245 417,0
		006	Жануарлар дүниесін қорғау	56 778,0
		008	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	821 868,0
		034	Аквакультураны (балық өсіру шаруашылығы), сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	9 857,0
	719		Облыстың ветеринария басқармасы	3 733 545,0
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	175 766,0
		009	Ауру жануарларды санитариялық сою ұйымдастыру	15 846,0
		011	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	27 894,0
		012	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу	88 073,0
		013	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	77 944,0
		014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	2 296 112,0
		028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	4 283,0
		030	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	294 465,0
		032	Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды уақытша ұстау	141 724,0
		033	Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды сәйкестендіру	15 023,0
		034	Қаңғыбас жануарларды егу және зарарсыздандыру	337 787,0
		035	Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын сәйкестендіру	1 630,0
		040	Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау үшін, қызметкерлердің жеке қорғану заттарын, аспаптарды, құралдарды, техниканы, жабдықтарды және инвентарды орталықтандырып сатып алу	256 998,0
	741		Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы	14 746 647,0
		001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	362 483,0
		002	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау	179 320,0
		005	Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау	782 999,0
		008	Басым дақылдардың өндірісін субсидиялау	257 136,0
		014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	1 156 673,0
		018	Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру	4 498,0
		029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар	371 753,0
		046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	4 846,0
		047	Тынайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	2 532 131,0
		050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	1 661 635,0
		051	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау	34 704,0
		053	Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау	4 948 773,0
		056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	2 355 199,0
		064	Жер қатынастарын реттеу	94 497,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	30 333 409,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	30 333 409,0
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	216 451,0
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	30 116 958,0
12			Көлік және коммуникация	24 481 954,0
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	24 481 954,0
		001	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	133 959,0
		002	Көлік инфрақұрылымын дамыту	2 000 000,0
		003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	435 792,0
		005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	189 155,0
		025	Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	3 692 307,0
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	13 010 078,0
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	5 020 663,0
13			Басқалар	5 547 816,0
	120		Облыс әкімінің аппараты	806 236,0
		008	«Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету	806 236,0
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	41 787,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	41 787,0
	261		Облыстың білім басқармасы	959 569,0
		079	«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	959 569,0
	265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	2 284 787,0
		004	Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау	58 675,0
		011	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	7 206,0
		014	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	1 832 686,0
		015	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттерін ішінара кепілдендіру	310 510,0
		082	Бизнес-идеяларды іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік грант беру	75 710,0
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	854 032,0
		012	Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві	854 032,0
	760		Облыстың мәдениет және спорт басқармасы	318 654,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	318 654,0
	761		Облыстың бақылау жөніндегі басқармасы	282 751,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және еңбек қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	282 751,0
14			Борышқа қызмет көрсету	1 667 221,0
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	1 667 221,0
		004	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	1 656 101,0
		016	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	11 120,0
15			Трансферттер	44 853 845,0
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	44 853 845,0
		007	Субвенциялар	44 853 845,0
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	-15 089 797,0
			Бюджеттік кредиттер	1 457 691,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 200 000,0
	752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	1 200 000,0
		089	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға бюджеттік кредит беру	1 200 000,0
		10	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	257 691,0
		741	Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы	257 691,0
		015	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдарға кредит беру	257 691,0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	16 547 488,0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	16 547 488,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	16 547 488,0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	22 396,0
			Қаржы активтерін сатып алу	22 396,0
13			Басқалар	22 396,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	22 396,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	22 396,0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	14 533 721,0
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	-14 533 721,0
16			Қарыздарды өтеу	14 533 721,0
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	14 533 721,0
		008	Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу	8 351 500,0
		015	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	6 182 221,0

Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы «13» желтоқсандағы 8-сессиясының № 63 шешіміне 3-қосымша

2026 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1. Кірістер	519 426 892,0
1			Салықтық түсімдер	40 231 689,0
	01		Табыс салығы	21 486 218,0
		2	Жеке табыс салығы	21 486 218,0
	03		Әлеуметтік салық	17 468 346,0
		1	Әлеуметтік салық	17 468 346,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 277 125,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 127 125,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	150 000,0
2			Салықтық емес түсімдер	2 487 964,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 045 364,0
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	79 701,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	85 698,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	879 965,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 600,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 600,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	10 000,0
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	10 000,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 430 000,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 430 000,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	10 000,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10 000,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	10 000,0
4			Трансферттердің түсімдері	476 697 239,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	476 697 239,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	476 697 239,0
Функционалдық топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
			Атауы	
			2. Шығындар	518 041 204,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	5 807 655,0
	110		Облыс мәслихатының аппараты	171 742,0
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	171 742,0
	120		Облыс әкімінің аппараты	3 196 159,0
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 894 626,0
		009	Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	301 533,0
	265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	410 804,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	410 804,0
	269		Облыстың дін істері басқармасы	453 804,0
		001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	84 197,0
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	163 216,0
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	206 391,0
	282		Облыстың тексеру комиссиясы	374 001,0
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	374 001,0
	299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	636 128,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	634 411,0
		021	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты даулары реттеу	1 717,0
	718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	300 020,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	300 020,0
	752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	264 997,0
		075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	264 997,0
02			Қорғаныс	1 730 201,0
	120		Облыс әкімінің аппараты	1 383 633,0
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	15 299,0
		011	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	144 037,0
		012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	324 814,0
		014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	899 483,0
		287	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	346 568,0
		004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	346 568,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	10 016 918,0
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	10 016 918,0
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 016 918,0
04			Білім беру	295 485 926,0
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 285 957,0
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	88 160,0
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 035 329,0
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	162 468,0
	261		Облыстың білім басқармасы	272 733 554,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	868 840,0
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	2 047 414,0
		004	Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	94 560,0
		005	Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	1 969 991,0
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	3 429 368,0
		007	Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	176 126,0
		011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	664 947,0
		012	Дамыған проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	817 032,0
		019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	56 000,0
		025	Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	18 119 700,0
		029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	845 830,0
		055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	5 533 500,0
		082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	130 133 186,0
		083	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	70 965,0
		085	Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	4 309 505,0
		087	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға	294 287,0
		200	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	8 497 250,0
		202	Мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	43 321 825,0
		203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	51 483 228,0
	760		Облыстың мәдениет және спорт басқармасы	14 614 259,0
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	13 833 828,0
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	780 431,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	6 852 156,0
		012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	6 852 156,0
05			Денсаулық сақтау	16 405 363,0
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	9 597 401,0
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	335 313,0
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	355 581,0
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	77 603,0
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	257 145,0
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	76 753,0
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	50 459,0
		023	Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	38 709,0
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	2 135 934,0
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	74 163,0
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	5 171 104,0
		039	Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін қамтитын қосымша медициналық көмектің көлемін көрсету, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	448 590,0
		041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	329 792,0
		042	Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	1 285,0
		050	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызметті көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	244 970,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	6 807 962,0
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	6 807 962,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	8 432 130,0
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	7 629 777,0
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	256 673,0
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында карттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	754 305,0
		003	Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау	1 698 526,0
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық ауырлармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 440 083,0
		014	Оңалту орталықтарында карттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көр

«АҚЫЛДЫ АДАМНЫҢ ЖЕМІСІ»

БАНАН БАПТАҒАН БАҒБАН

Әлем жұртшылығы табиғи азық-түлік өнімдерін тұтынуға ден қоя бастаған. Осы жолда ғалымдар терең ізденіске түсіп, сан түрлі идеялар мен ұсыныстар айтуда. Соның бірі – нидерландтық ізденушілер көп қабатты тұрғын үйлердің жертөлесінен өнім алу тәсілін ойлап тапса, АҚШ ғалымдары алақандай жерден аз күнде көкөніс түрлерін өсіру арқылы, оның пайдалылығын 40 пайызға дейін арттыру жобасын таныстырды. Әлемге әлі кең тарай қоймаған бұл жобалардың жүзеге асуы бүгінде Қазақстанда да қызу қолға алына бастағаны қуантады. Атап айтқанда Ақай ауылында жылусыз-ақ жайқалып тұрған жылыжай бар. Жергілікті кәсіпкер Ерлан Жаппасбаев малдың қиынан алынған биогаздың көмегімен экзотикалық жемісті жерсіндіріп жатыр. Ізденімпаз бағбан бұл жұмысын жақын арада патенттеп алмақшы.

Sb Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Жылыжайдың ішінде қияр, қызанақ, салат жапырақтарының жайқалып тұрғанын көрдік. Бірақ бізді таңғалдырған банан болды. Иә, көз көріп үйренбеген, тек шетелдік кинолардан ғана көретін өсімдік Ақай ауылындағы жылыжайда өсіп тұр. Биіктігі екі жарым метр болған. Бар болғаны алты-жеті айда кісі бойындай өскен жеміс ағашынан түсетін пайда оның көшеттерінде дейді бағбан.

– Мен бананды Өзбекстаннан әкелдім. Бұйырса, екі жылда өнім береді. Зерттеуім бойынша, бананның жемісін сатқаннан, көшетін сатқан әлдеқайда тиімді. Өйткені бір банан жыл сайын 15-20 көшет береді. Оның әр түбін он-он бес мыңнан сатамыз.

Тропикалық өсімдік біздің ыстықта әдемі өседі. Түркістан облысымен салыстырдық, оларда біздегідей бап жоқ. Күн қаншалықты ыстық болған сайын, банан соғұрлым жақсы өседі. Біз Африка болып тұрмыз ғой. Өйткені, банандар жылуға тойып, биік бой көтерді.

Қазір бес түп бананым бар. Алғашқы жемісін келер жылы береді. Әр түптен 20 келіден өнім алуға болады, – деді Ерлан Жаппасбаев.

Бананның отаны – Оңтүстік-Шығыс Азия. Десек те, банан қазір елдегі тұтынылатын жемістердің арасында бесінші орында тұр.

Көпшілік бананды жемістер қатарына жатқызады. Алайда, ол – жидек. Әлемдегі ең үлкен банан ағашының биіктігі, орташа есеппен 10 метр, ал диаметрі 50 сантиметрге жетеді. Оның бір сабағында 300 бананға дейін болады. Бұл, шамамен, 500 келіге дейін тартады.

Бағбанның айтуынша бананның ең бірінші денсаулыққа пайдасы мол.

– Көңіл-күйді реттейтін В6 дәрумені басқа жемістерге қарағанда бананда көп болады. Қызығы – банан диетасы да бар. Алайда оның нәрлілігі картопқа қарағанда бір жарым есеге көп. Егер бананды кептірсе, калориясы 5 есеге дейін өседі. Сондай-ақ, оның құрамында калий болады. Ол адамның қалыпты қысымда жүруі үшін өте қажет. Сонымен қатар, калий жүрек бұлшық етін қатайтады.

Банан сөзін латын тілінен аударғанда «musa sapientum», яғни «ақылды адамның жемісі» деген мағынаны білдіреді, – дейді бағбан.

Қызылорда-Ақай-Қызылорда
Суретті түсірген **Н.Нұржаубай**

Қажымұқанның қанжары

Қазақ атын күллі әлемге әйгілеген, ел тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлына тиесілі «Джамбия» қанжары Ұлттық музей қорына табысталды. Қазақтың «күш атасының» қанжары 100 жылдан бері жеке адамдардың қолында жүрген.

Sb Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Бұл қаруды заманында Стамбұл қаласының әкімі Шағыр паша сыйға тартқан деген дерек бар. Қанжарда арнайы естелік сөз жазылған. Бір бетінде араб және көне түрік-осман тілінде «Күшті, жеңілмейтін Мұңайтпасов Мұқанға», екінші бетінде «Бізден, қажылықтан естелік, Шағыр паша, 1330 жыл» деп жазылған.

Түрік азаматының қазақ палуанына араб қанжарын беруінің де өзіндік себебі бар. Мұқан белдесулерінің бірінде Нуруллах есімді түрік балуанын жеңеді. Оған риза болған Стамбұл әкімі Қажымұқанға құрмет көрсетеді. Тіпті бірге қажылық жасауға шақырған екен. Қанжар – сол сапардың естелік сыйлығы. Бұл жайлы жәдігерді тапқан ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Ардақ Назаров айтты.

– Осы қанжар маған көрсетілді. Содан кейін белгілі бір адамдарға сатылып, қолды болып кетейін деп тұрған жерінен мен мұның қазақ елінде музейде тұруы, оны біздің ұрпақтарымыз көруі керек екенін айттым. Ол тарихи жәдігер елге қайту керек, ол – халықтікі, – деді Ардақ Назаров «24KZ» телеарнасына берген сұхбатында.

Ғалымдар джамбияны 111 жыл бұрын Иемен шеберлері жасаған деген тұжырымға келген. Оған қанжардағы «1330 жыл» деген сөз дәлел. Бұл – хижра жыл санауымен жазылған уақыт. Шамамен өткен ғасырдың онышы жылдарымен сәйкес келеді.

25 желтоқсанда қару Ұлттық музей қорына салтанатты түрде табысталды. Құнды жәдігердің жеке қолдан музейге өтуі ұлт тарихы үшін елеулі оқиға. Сонымен қатар, музейде балуанға тиесілі 26 зат сақтаулы екен.

Араб ұсталарының «Джамбия» қанжарын қазақтың әйгілі балуанына арнайы жасағаны – араб, түркі әлемінің аңыз балуанға деген биік құрметінің белгісі.

Осы тұста бабаның өнегелі өмір жолына қатысты кейбір деректерге тоқталғанды жөн көрдік.

«Қажымұқан – Алтыбас Қыпшақ, біздің туыс аталарымыз болып келеді. Атамыз соғыстан кейін Сыр елін аралаған екен. Марқұм әжем «палуан қайнаға» деп айтып отырушы еді. Үстіне жағасы дөңгелек етіп түйменленген, етегі тізеге таман түсіп тұратын кең көйлек киіп жүреді екен. Қонаққа барған үйдің сәбиін тізесіне отырғызып, сол көйлекке орап алады екен. Кей келіндер ырымдап, ол кісі кеткесін жас баланы отырған орнына аунатып алады екен. Қажымұқан атамыз сол сапарларында Тартоғай, Айдарлы ауылдарында аз ғана қонақ болып, ағайындармен сәлемдескен», – дейді жерлесіміз, ақын Бақытжан Абызов.

«Қазақстанның еңбек сіңірген энергетигі» құрметті атағының иегері Әлем Аққөбеков мынадай да деректер келтіреді: «Үлкен кісілер айтатын, 1960 жылдары Қазалы стансасының перронында темірден жасаған «галстук» тұратын еді. Астында мұны Қажымұқанның ісі деген жазуы болатын дейтін...»

Әлем Аққөбековтің әкесі Тартоғайда совхоз директоры болған кісі. Шамасы, Әлем бала кезде Қазалы жаққа барған кезінде естіген болуы әбден мүмкін.

Алып күш иесінің қайтпас қайсарлығы мен табандылығының арқасында жеткен жетістіктері бір төбе. Жекпе-жекке шыққанда намысын қолдан бермей, күрестің басым бөлігінде жеңіске жеткен балуанның ұлағатты өмір жолы салауатты өмір салтын ұстанған жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Қажымұқандай бабамыздың үлгісін көріп, оқып-танып, біліп өскен ұрпақтың келешегі де зор болмақ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Мекеменің атауы: Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, индексі 120009, Қызылорда қаласы, Марал Ишан көшесі, 1.

Лауазымдық міндеттері. Заңнамаға сәйкес ұйым қызметінің қаржылық-шаруашылық нәтижелерінің орындалуын, қабылданатын шешімдердің орындалуын, оның теңгеріміндегі ұйым мүлкінің сақталуын және толық пайдалануын қамтамасыз етеді, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру механизмін айқындайды. Басқа ұйымдармен немесе заңды тұлғалармен шарттар, келісім-шарттар, операциялар жасайды, өкімдер мен бұйрықтар шығарады, іскерлік кездесулерде ұйымның атынан өкілдік етеді. Барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және өзара тиімді іс-қимылдарын ұйымдастырады, әлеуметтік және нарықтық басымдықтарды ескере отырып, олардың қызметін жаңалықтар мен нарықтық жағдайдағы өзгерістерге жылдам ден қоятын, тауарлар мен қызметтерді икемді және ұтқыр өндіруді дамыту мен жетілдіруге бағыттайды. Ұйым жұмысының тиімділігін арттыруды, өнімдер мен қызметтер сатылымын және пайданы ұлғайтуды, өндірілетін өнімнің (қызметтердің) сапасын және бәсеке қабілеттілігін, отандық және шетелдік нарықтарды жаулап алу мақсатында олардың мемлекеттік және жоғары дамыған елдердің, озық компаниялардың стандарттарына сай келуін қамтамасыз етеді. Ұйымның мемлекеттік бюджет, жинақтаушы зейнетақы қорлары және сақтандыру қорлары, өнім жеткізушілер, тапсырыс берушілер және банк мекемелерін қоса алғанда, кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісім-шарттардың) және индикативті жоспар мен бизнес-жоспарлардағы көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етеді. Өнімнің (қызметтердің) техникалық деңгейін және сапасын, өндіріс қарқындылығын, еңбек өнімділігін, экономикалық тиімділігін арттыру, өндірістік резервтерді тиімді пайдалану және ресурстардың барлық түрлерін үнемді жұмсау мақсатында жаңа техниканы және жаңа технологияны, басқару мен еңбекті ұйымдастырудың прогрессивтік нысандарын, материалдық, қаржылық және еңбек шығындарының ғылыми негізделген нормативтерін кеңінен пайдалану, нарықтық конъюнктураны және озық тәжірибені (отандық және шетелдік) зерделеу негізінде өндірістік-шаруашылық қызметті ұйымдастырады. Кәсіпорынды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін тиімді пайдалану мен дамыту, адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтау, ұжымда қолайлы психологиялық жағдай қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайды. Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің үйлесуін, өндірістік және өзге мәселелерді талқылау мен шешуді, өндірістің тиімділігін арттыруды, материалдық және моральдық көтермелеуді қамтамасыз етеді. Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шарттарды әзірлеу, жасау және орындау, еңбек және өндірістік тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді, кәсіпорын жұмысшылары мен қызметкерлерінің еңбек ынталылығын, бастамасын және белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерді оған заңнама бойынша берілген құқықтар шегінде шешеді, басқа лауазымды тұлғаларға – директорлардың орынбасарларына, кәсіпорынның өндірістік бірліктері мен филиалдарының, сондай-ақ функционалдық және өндірістік бөлімшелерінің басшыларына қызметтің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады. Кәсіпорынның шаруашылық қызметінде және оның шаруашылық-экономикалық байланыстарды жүзеге асыруында заңдылықтың сақталуын, нарық жағдайында қаржылық басқару мен жұмыс істеуге арналған құқықтық құралдардың пайдаланылуын қамтамасыз етеді, шарттық және қаржылық тәртіптерді нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, бизнесті (кәсіпкерлік қызметке) қолдау көрсету мен ауқымын кеңейту мақсатында кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етеді. Сотта, төрелік сотта мемлекеттік билік және басқару органдарында кәсіпорынның мүліктік және басқа да мүддесін қорғайды және оның атынан өкілдік етеді.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Техникалық ғылымдар және технологиялар мамандығы бойынша жоғары білім және тиісті ұйым бейінінде басшы лауазымында жұмыс стажы кемінде 5 жыл болуы тиіс.

«Іскер әкімшілік магистрі» ғылыми дәрежесі немесе басқару (менеджмент) саласында қосымша білімінің болғаны дұрыс.

Конкурс «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» №075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап **он бес күнтізбелік күні ішінде** «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, «Облыстық мекмелер үйі» ғимаратының 4-қабаты №404 бөлме мекен-жайда қабылданады. Анықтама үшін телефондары: 8 (7242) 40-11-91 (іш.57-57), факс 60-53-94, m.alieva@korda.gov.kz.

Конкурс өткізу орны: Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, «Облыстық мекемелер үйі» ғимаратының 4-қабаты №407 бөлме.

Барлық құжаттар болған жағдайда, сондай-ақ тұлға барлық талаптарға сәйкес келген кезде Комиссия құжаттар қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құжаттар тапсырған тұлғаны конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды. Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі Комиссия хаттамасымен бекітіледі.

Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі бекітілгеннен кейін Комиссия конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттарды зерделейді және күнтізбелік он күн ішінде конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы

Хабарландыру

Облыстық «Сыр бойы» газетінің 23.12.2023 жылы №195-196 санында жарияланған «МАДИ ҚАЖЫ атындағы» ЖШС серіктестік қатысушыларының сенім хат негіздегі өкілдері С.А.Султанов пен Ә.М.Мырзағалиевтің ұйымдастыруымен 28.01.2024 жылы сағат 10.00-ге кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы хабарландыру жарамсыз деп танылсын.

«МАДИ ҚАЖЫ атындағы» ЖШС.
(БСН 040440019227)

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

Әріптестері Т.Нурманов, Ж.Жонтаева, Н.Жумадильдаева, А.Кушкинбаева, М.Абдыкаликова, Ж.Камитбекова Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз Айдарова Гүлжан Ережепқызына анасы

Айдарова Мария Абдукадырқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 22521 | Тапсырыс №2053 | Кезекші редактор **Шынар БЕКБАН**